

"Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 ақпандағы N 3859 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 14 қаңтардағы N 511 Жарлығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.01.14. N 511 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасында Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендетудің, түркі тілдес халықтардың мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамытудың ұлттық және халықаралық маңызын назарға ала отырып қаулы етемін:

1. "Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Қазақстан Республикасының қоса беріліп отырған Мемлекеттік бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтың 1-тармағымен бекітілген Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында:

1) бір ай мерзім ішінде белгіленген тәртіппен "Жібек жолы - Қазақстан" Ұлттық компаниясы" ашық үлгідегі акционерлік қоғамын құратын болсын, оның қызметінің негізгі мәні ұйымдар мен жеке тұлғалардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тарихи қалаларды қайта өркендету және туризм инфрақұрылымын дамыту жөнінде қажетті ғылыми және өндірістік әлеуетті біріктіру болып белгіленсін;

2) шетел инвестицияларын таратуды "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңына қатаң сәйкестікте жүзеге асыратын болсын;

3) Қазақстан Республикасының "Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" жөніндегі Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша қажетті шараларды қолданатын болсын.

3. Осы жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Президенті

РҚАО-ның ескертуі: Қосымшаның қазақша аудармасы жоқ. Орысша мәтіннен қараңыз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК